

ЕСІМ ХАН ТҮЛҒАСЫН ОҚИТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Арыстанбекова Қ.Д. - ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы,
Қошымова А.О. - ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс PhD
докторанты,

Сандықбаева Ө.Д. - ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы

Қандай ұлт, қандай этнос болса да, ел болып, халық атанғаннан кейін оның арасынан өзінің елге сіңірген еңбегімен, ақыл-парасатымен, қажыр-қайратымен дараланып көзге түсер ишталуы азаматтарының болмауы мүмкін емес. Көк байрағымызды көкте желбіретіп, адамзат қоғамынан лайықты орынымызды алып отыруымыздың бірден-бір себепкерлері де ұлтын сүйіп, жерін сақтап, елін қорғап қалу үшін жанын пида еткен хандарымыз, батырларымыз, биіктеріміз және басқа да қоғамдық, мемлекеттік істерде өздерін таныта алған тұлғалар еді. Соның бірі халық жадында «Еңсегей бойлы ер Есім» атанып мәңгілікке қалған Есім хан екені де баршамызға мәлім.

Есім хан есімін аузымызға алар болсақ, ең әуелі есімізге түсетіні «Есім ханның ескі жолы» атты заңдар жинағы және жоғарыда айтып өткен «Еңсегей бойлы ер Есім» тұрақты сөз тіркесі. Еңсегей бойлы ер Есім Тәуекел хан қайтыс болғаннан кейін 1598 жылы билік басына келеді. Ол Шығайдың ұлы, Тәуекелдің інісі еді. Тарих сахнасында сұлтан болып тұрған кезден бастап-ақ Тәуекелмен бірге Бұхара хандығына қарсы 1598 жылғы жорыққа аттанғанда Есім де қалың қолды бастап шығады. Тәуекел бұхаралықтардан жеңіліс тауып, өзі жириқаттанып Ташкентке қарай бет түзгенде, кенеттен намысқа тырысып, ашуға мінген Есім дұшпанға қарсы өзі аттанады. Бұл оқиғаны Ескендір Мұңшы: «... Бұл жағдайға шиеленіштен Есім сұлтан (оның) ізінен ерген қисапсыз көп әскердің Бұхараның шағын қонысынан жеңіліс тауып, қашуы сұмдық масқара екенін айт деп ағасына жаушы жіберді. Ал өтер хан қашып құтылып, Самарқандқа келсе, самарқандтықтар қарсы әрекет қақпасын ашып, олардың алдынан келісу қақпасын жабуы (солай болуы) мүмкін деді. Жағдайдан шығудың ең жақсы жолы мынау: хан кері бұрылсын, ал өзі болса (өзінде бар) әскермен аса мәртебелінің үзеңгілесі болып қосылады. Тәуекел хан інісінің ақылына құлақ асып, тізгінді кері бұрды, (ал) Есім сұлтан оған келіп қосылды, сөйтіп олар тағы да шайқасқа әзірлене бастады», — деп суреттеп береді /1/.

Студенттерге Тәуекел қайтыс болғаннан кейін ел ішінде жағдай қиындай түсетіндігін түсіндіру қажет. Бұл кезде ойраттардың бірігу үдерісі жүріп жатыр еді. Және ел ішінде бір билік емес, екі бірдей билік орын алады. Атап айтар болсақ, Ташкентке иелік еткен Жалым сұлтаншың ұлы Тұрсын сұлтан билігі және екіншісі, әрине, Түркістанды орталығы еткен Есім хан билігі. Сондай-ақ, одан өзге қазақ сұлтандары Абылай, Ханзада басқарған топтар да болды.

Есім хан таққа отырғаннан бастап қазақтардың басын қосып орталықтанған мемлекет құруға тырысып-ақ бағады. Алайда оның ұстанған бағыты мен саясатына қарсылық танытқандар тобы осылайша елдің бөлінуіне әкеліп соқтырады. Ел екіге бөлінгеннен соң екі жақтың кырқыстардың болатыны заңды құбылыс. Оны Есім мен Тұрсын арасындағы болып өткен бірнеше ұрыс қақтығыстарынан көре аламыз. Соңында, өз атынан теңге шығарып, алым-салықтар жинап, жеке мемлекет құруға ұмтылған Тұрсын сұлтанды Есім хан елін біріктіру жолында 1627 жылы өлтіреді. Бірақ бұл жөнінде де тарихта бір тоқтамға келген пікір жоқтың қасы. Себебі, «Бахр әл-асрардың» мағлұматына сүйенсек, Тұрсын өз қолындағылардың біреуінің қолынан қаза табады делінеді, ал аңыздарға қарасақ, ол Есімге берген атын бұзғаны үшін өлім жазасына кесілген. Қазақ арасында тараған «Қағанатшының хан Тұрсын, Хан Тұрсынды ант ұрсын!» деген сөз бар.

Қазақ халқының басынан кешкен өз елін, жерін қорғау жолындағы күрестері, бас қотарулары, ондағы ерлікпен күрескен қызметтері тарих бетінде өздерімен бірге жасаған,

өмір кешкен ақын-жыраулардың еңбектерінде орын алды. Қазақ хандығының Есім хан билігі тұсындағы замандастары Жиёмбет жырау мен Марғасқа жыраудың туындыларында сол кезеңнің суреттері сақталған. Есім тұсындағы қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалары өзімізге белгілі «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырға да арқау болады.

Марғасқа жыраудың «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» деп басталатын өлеңінде Есім ханның Тұрсынды өлтіргелі тұрғандағы кезін студенттерге баяндап берген дұрыс:

«Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсын.
Хан емессің, қасқырсын,
Қара албасты басқырсын.
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсын!
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есігіңе келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашақалы тұр қаныңды!» /2,43/

Сонымен қатар студенттерге Жиёмбет жыраудың Есіммен бірге бірнеше рет ойраттарға қарсы жорықтарға қатысып, өзінің әскери басшылықтағы алғырлығымен, ерлігімен танылғандығы жөнінде атап өту маңызды. Ол Есіммен бірге орталықтанған мемлекет құруға барынша қызмет атқарады. Алайда Есім хан Жолымбет деген інісінің жіберген қателігіне байланысты Жиёмбетті де інісімен қатар жазаға тартады: ол ойраттармен шекара шығыс бетке айдалады. Бұл жөнінде Жиёмбет жыраудың өзін сөйлетейік:

«Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім!
Арманда больш барамын,
Қоштасуға аял жоқ,
Қалқаман, Шолан ерлерім!
Қайрылып, қадам басарға
Күн болар ма мен сорға,
Өзен, Арал жерлерім?!
Қиядан қолды көрсеткен
Тобеңе шығар күн бар ма,
Жотасы биік Дендерім?!
Қайырымсыз болған хандарға
Тиер ме екен бір күні
Жолбарыстай шеңгелім!» /3,54/

Бұхара халқы мен қазақтар арасында көптеген қырқыстар болады. Бұған, әрине, көбінесе келісімді бұзып шабуылды бастайтын Бұхар жақ себепкер болып отырды. Ұзаққа созылған бұл қырқыстардан кейін тараптар ортақ келісімге келіп, өзара тіл табысады. Екі елдің келісімі, әрине, екі жақтың да саяси, экономикалық дамуына өз ықпалын тигізері сөзсіз еді.

Десек те, XVII ғасырдың бас кезінде Бұхара ханы Иманқұлдың (Имамқули) қазақтармен арасындағы қатынастар аумалы-төкпелі болды десек қателеспейміз. Ол өзінің арам пиғылын Ташкентке қарсы жорығынан байқатады. Самарқанға дейін жетіп, Ташкент пен оның аумағындағы жерге өз билігін орнатады да, 1613 жылы тағы да осы Ташкент жеріне жорық ұйымдастырып, жеңіске жеткеннен кейін ол жерге өзінің ұлы Ескендір сұлтанды

отырғызд
жорықтарь
өкесі Иман
жиксы пай.
Мәжбүр бол
Қазақ х
өгертеді,
1627/28

Тұрсын әс
Солардың
мен Бұхар
Сонымен б
яңбардар бс
Студент
өз ішінен ш
қорытынды
1. Сырде
хандығын б
2. Хандь
оппозицияғ
Дәстүрлі
Студент
жиыны оға
жолының»
тибылатынд
төлемдер, қ
«Есім хе
трихшы М
жүйесі – «К
Есім ханны
Шығыс ха
ұжымына
қандай бол
құрылымы,
«Ескі жол»
3,54/

Есім хан
Олардың бі
терттеулерд
сүрген қаза
айырмашыл
Түркістан қ
Есім хан
сезімді дарь

Әдебиет
1. Қазақ
2. Жеті
3. Ай, зам

Есім хан билігі
ларында сол
ткен тарихи
болады.
Есім ханның

отырғызады. Алайда ташкенттіктер Ескендір сұлтанды өлтіреді. Енді екі ел арасында кек алу жорықтары басталады, ол қазақ халқына оңайға соқпады, ауыр халге душар етті. Ескендірдің әкесі Иманқұл өз жорықтарында екіге бөлініп отырған хандардың бір-біріне жауластығын жақсы пайдаланды. Нәтижесінде өзі жеңіліске ұшырап, қазақтармен бейбіт келісімге келуге мәжбүр болады.

Қазақ халқының бір бөлігін билеген Тұрсын хан да өз бауырына қарсы бағытын өзгертпеді, өзі хан болып қалғысы келген пендешілігінен болар Есімді өлтіруді көздейді.

1627/28 жылдары Есім хан қалмақтарға жорық жасап кеткенде, бұл жағдайды пайдаланған Тұрсын әскерімен Түркістанға шабуыл жасап, ондағы халықты қырғынға ұшыратады. Солардың арасында Есім ханның әйелдері мен балалары тұтқынға түседі. Бұл кезде Абылай мен Бұхара әмірі Имамқули хан бірігіп, Піскентке шабуыл жасап, өздеріне қаратады. Сонымен бірге Шахрухийаны да өздеріне бағындырады. Міне, бұл жағдайлардың бәрінен қиырлар болған Есім жорық бағытын Ташкентке қарай бұрады.

Студенттерге Есім ханның Қазақ хандығына агрессивті саясат ұстанған көршілеріне және өз ішінен шыққан топтарға төмендегідей саясат ұстануына тура келгендігі жөнінде мынадай қорытынды ұсынуға болады:

1. Сырдария бойындағы Сайрам, Сығанак, Самарқанд, Ташкент сияқты қалаларды, Қазақ хандығын бағындырып, оның жерін иеленгісі келген сыртқы агрессияға қарсы тұру;

2. Хандық ішінен жеке кішігірім мемлекет немесе қала-мемлекет құруға бағытталған ішкі оппозицияға қарсы тұру;

Дәстүрлі тұрақтылықты сақтап қалу. Бұл саладағы міндеттер Есім хан үшін жақын еді.

Студенттерге дәстүрлі қазақ қоғамындағы «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жиілігі оған дейінгі шыққан қазақтың алғашқы ата заңы саналған «Қасым ханның қасқа жолының» заңды жалғасы, әрі Тәуке ханның «Жеті жарғысына» сеп болған жинақ болып табылатындығы жөнінде атап көрсету қажет. Онда жерге, малға байланысты материалдық төлемдер, қылмыстық іс туралы, әскери міндеткерлік т.б. мәселелер қарастырылған.

«Есім ханның ескі жолына» қатысты қазақ тарихын зерттеуде үлес қосқан, жазушы, тарихшы М. Мағауин ағамыз мынадай пікір білдіреді: «...Қасым ханның мемлекеттік заң жүйесі – «Қасқа жолдан» көп кейін шыққанына қарамастан, «Ескі жол» аталуына қарағанда, Есім ханның заңдары ежелгі Алтын Орда тұсындағы низам – жарғыларға, одан бұрынғы Шыңғыс ханның «Жасақ» үлгісіне жақынырақ болған сияқты. Есім, әсіресе ұлыстың әскери ұжымына қатысты мәселелерге ерекше мән берген деп шамалаймыз. Жеке тармақтары қандай болғанда да, негізгі ұстанымы Қазақ Ордасының мемлекеттік жүйесі, өзіндік құрылымы, ел билеу жорасына арналған, азаматтық және құқықтық ережелер жинақталған «Ескі жол» – бір ғасырдан астам уақыт бойы қазақ халқының ең негізгі заңы болып келді» 1,54/.

Есім ханның қайтыс болған жылына байланысты ғалымдар арасында бірнеше пікір бар. Олардың бірі 1628 жылы деп есептесе, ал екінші бірі 1645 жылы деп жазып жүр. Енді бір зерттеулерде «Жошы хан әулетінде алпыс жылдан артық хандық тағында отырып өмір сүрген қазақтың ханы – тек Есім хан болған деседі» деген деректі алға тартады. Бұндай айырмашылық, әрине, тереңірек зерттеуді қажет етеді. Есім хан қайтыс болғаннан кейін Түркістан қаласындағы Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген.

Есім хан сияқты ұлы тұлғаларды дәріптеу арқылы жас ұрпақтың бойына патриоттық өкілді дарыта отырып, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы. 5 томдық. 2-том. Алматы, 1998

2. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. Алматы: «Жазушы», 2008. 1-том. – 43-б.

3. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды): екі томдық.-А., РББ. 1991. – Т.1. 54 б.

ойраттарға
ерлігімен
екет құруға
і қателігіне
ара шығыс

көбінесе
созылған
Екі елдің
сіз еді.
ақтармен
ниғылын
ен оның
е жорық
ұлтанды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АБАЯ

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ КАФЕДРАСЫ



**«ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТАРИХ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕСІН ДАМУЫ МЕН
ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты республикалық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

22 сәуір 2016 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Республиканский научно-практической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ И
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕТОДИКИ
ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ И ОБЩЕСТВЕННЫХ
ДИСЦИПЛИН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ»**

22 апреля 2016 года

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Жумағұлов Б.С. Мәңгілік ел идеясы - ұлт мұраты.....	3
Хабижанова Г.Б. Моделирование нетрадиционных форм работы с историческим источником в практике преподавания отечественной истории.....	6
Балахметова Г.К. Применение новых образовательных технологий в преподавании истории Казахстана.....	8
Нұрманбетқызы Ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларында жастарға сапалы бәсекеге қабілетті білім беру мен оқыту туралы идеялары.....	13
Сатаева Ж. Тарихи таным бастауы.....	16
Әбдіғұлова Б.Қ., Жумашева С.С. Отансүйгіштік, адамгершілік, толеранттылық қасиеттерді студенттердің бойында қалыптастырудың жолдары.....	18
Джайнакбаева Г.Т. Передовые образовательные технологии в преподавании истории.....	22
Қартабаева Е.Т. Дін тарихы бойынша зерттеулерді таңдау пәндерін қалыптастыруда пайдалану.....	26
Сайфулмаликова С.С. Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.....	29
Жусанбаева Г.М. Тарихи білім берудің өзекті мәселелері.....	34
Даулбаев Т.Ф. Особенности применения коучинг технологий в образовательном процессе.....	36
Нуржанова А.Н. Значение дисциплины «религиоведение» как основной формы научного изучения и передачи знаний о религии.....	38
Аупенова А.У. Некоторые вопросы применения тестовых методика обучения.....	41
Джандаралова Г.К., Мазбаева А.А. Қоғамдық гуманитарлық пәндерді оқытуда ақпараттық және ойын технологияларын қолдану.....	46
Тулехова М.К. Толеранттылық- ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетін нығайту факторы ретінде.....	49
Ожаева Б.Б. Ғылым мен инновация - жаңашылдық арқауы.....	51
Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Сандықбаева Ө.Д. Есім хан тұлғасын оқытудың кейбір әдістемелік мәселелері.....	55
Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Сандықбаева Ө.Д. Бұрындық хан тұлғасын оқытудың тиімді әдістемелік жолдары.....	58
Бақауова Г.Б. Бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды шығармашылыққа бағыттау.....	60
Қырғызхан Г. Толеранттылық- сан алуан тұрғыдағы бостандық.....	63
Әбдіғұлова Б.Қ., Сансызбаева Э. Отанымызды нығайту мен өркендетудің негізі- жастарды қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.....	64
Завьялова Д.И., Жуманова Г.Б. Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде.....	70
Адаева Г.А. Гендерлік білім беру арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.....	72
Әбдіғұлова Б.Қ., Бақауова Г.Б. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі» курсының мазмұны-студенттердің құқықтың мәдениеті мен экономикалық сауаттылығын қалыптастырудағы басты қадам.....	74
Байбосынова Г.Д., Адилбеков С.Ж. Өзбекәлі Жәнібеков- қазақ мәдениетін зерттеуші.....	78
Матаева Н.А. Шәкірім және Алашорда.....	80
Құсайынов М.С. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ақмола облысы.....	82
Исаев М.С. «Тарихнама» пәнінің мазмұны болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлауда « Мәңгілік ел» ұлттық идеясы құндылықтарына бағдарлау факторы.....	85